

Ақпараттық хат

Сиреневый PRорыв – 2026» халықаралық студенттік конференциясы аясындағы бейнероликтер байқауы туралы

PRshy клубының «Сиреневый PRорыв – 2026» халықаралық студенттік конференциясының ұйымдастыру комитеті қоғаммен байланыс, журналистика, маркетинг, менеджмент, туризм, халықаралық қатынастар және сабақтас білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан Қазақстан және шетелдік жоғары оқу орындарының студенттерін «Елдік PR: Қазақстан имиджі» атты бейнероликтер байқауына қатысуға шақырады.

2026 жылғы конференция академиялық мазмұн мен практикалық бағытты біріктіретін фестиваль форматында ұйымдастырылады. 24 сәуір күні, конференция өтетін күні, алдын ала іріктеуден өткен студенттердің байқау бейнежұмыстарының фестивалі ұйымдастырылады. Үздік жобалар кәсіби қауымдастыққа ұсынылып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айқындайтын қазылар алқасының бағалауына ұсынылады.

Басқа қалалар мен елдерден қатысатын студенттер үшін ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерге байланысты конференцияға офлайн немесе онлайн форматта қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Байқау тақырыбы

«Елдік PR: Қазақстан имиджі» тақырыбы қазіргі кезеңде елдің халықаралық және ішкі кеңістіктегі беделі мен танымын қалыптастыруда елдік PR мен визуалды коммуникациялардың маңызы арта түскенін ескере отырып таңдалды. Байқау студенттердің PR және коммуникация саласындағы тәжірибелік машықтарын шыңдауға, визуалды сторителлинг мәдениетін дамытуға және медиа-жобаларда жасанды интеллект технологияларын саналы әрі шығармашылық тұрғыда қолдануға бағытталған.

Қатысу шарттары

Байқауға құрамы үш адамнан аспайтын команда қатыса алады (ғылыми жетекші есепке алынбайды). Ғылыми жетекші ретінде жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының өкілі қарастырылады.

Студенттік жұмыстар төмендегі екі категория бойынша қабылданады:

- Сыртқы PR-ға арналған бейнероликтер (Қазақстанның шетелдік аудиторияға арналған бейнесі);
- Ішкі PR-ға арналған бейнероликтер (Менің отаным-Қазақстан).

Өтінімдер **2026 жылғы 15 наурыз бен 5 сәуір аралығында** (қоса алғанда) қабылданады. Қатысу үшін 1-қосымшада көрсетілген өтінім нысанын толтырып, lilacprkz@gmail.com электрондық поштасына жолдау қажет.

Байқау бейнероликтері 5 сәуірден кешіктірілмей Instagram әлеуметтік желісінде команда мүшелерінің бірінің немесе жоғары оқу орнының ашық парақшасында жариялануы тиіс. Бейнеролик сипаттамасында аталған конференция аясындағы байқауға қатысуы көрсетіліп, #СиреневыйPRорыв2026 хештегі және PR-шы клубының @prclub.kz ресми Instagram-парақшасы бірлескен автор ретінде белгіленуі міндетті.

Техникалық талаптар

- Бейнероликтің ұзақтығы – 1 минуттан аспауы тиіс.
- Файл форматтары: MP4, AVI.
- Бейненің ажыратымдылығы (разрешение) – HD 1080×1920, кадр арақатынасы 16:9 (вертикалды формат).

- Сыртқы PR категориясына арналған жұмыстардың аудиожолы және/немесе субтитрлері ағылшын тілінде болуы қажет. Ішкі PR категориясындағы жұмыстар қазақ және/немесе орыс тілінде ұсынылады.

Бейнеролик 2026 жылы дайындалуы және байқау ресми жарияланған күнге дейін еш жерде жарияланбауы тиіс. Қолданылған материалдар авторлық құқық талаптарына сай болуы шарт. Сондай-ақ, өзге тұлғалардың ар-намысы мен сезіміне нұқсан келтіруге, басқа мемлекеттерді кемсітуге, рұқсатсыз бөгде контентті пайдалануға немесе бұрынғы еңбекті өңдеп, өз атынан ұсынуға жол берілмейді.

Қорытындылау және марапаттау

Әр категория бойынша жеңімпаздар мына негізгі номинациялар арқылы анықталады:

- **«Үздік AI-генерация»** – жасанды интеллект технологиялары негізінде әзірленген бейнеролик;
- **«Жанр классикасы»** – жасанды интеллект қолданылмай, дәстүрлі бейнетүсірілім тәсілдерімен (смартфон немесе бейнекамера арқылы) түсірілген жұмыс.

Сонымен қатар **арнайы номинациялар** тағайындалған:

- «Жыл креативі»;
- «Қазылар алқасының арнайы жүлдесі»;
- «Ең шынайы аватар»;
- «Үздік басты рөл»;
- «Ең кең қаралым жинаған жоба».

Барлық қатысушыларға электрондық сертификаттар табысталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады. Бірінші орын иеленген командалар 2026 жылғы мамыр айында Алматы қаласында өтетін Халықаралық PR-форум – 2026 шарасына арнайы шақырту алады.

Қатысу шарттары туралы толық ақпарат Байқау туралы ережеде көрсетілген.

Қосымша мәліметтер, ресми хабарландырулар мен түсіндірмелер конференцияның ақпараттық ресурстарында жарияланып отырады.

https://t.me/pr_student_conference

<https://www.instagram.com/prclub.kz>

https://www.instagram.com/pr_student_conference

<https://www.facebook.com/prstudentconference/>

Ақпаратты жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушылары арасында таратуға қолдау білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Құрметпен,

PRshy клубының «Сиреневый PRорыв – 2026»

халықаралық студенттік конференциясының ұйымдастыру комитеті